

Ағымдағы жылғы 31 наурыз күнгі сағат 18.00–ге дейін жағдайға сәйкес «Birgemiz» қорының шоттарына 13 087 285 544 теңге келіп түсті.

Соның ішінде «Samruk-Kazyna Trust» корпоративті қорынан, ЦАТЭК Green Energy» ЖШС (600 000 000 теңге), «BI Urban Construction» ЖШС (440 000 000 теңге) секілді бірқатар заңды тұлғалардан және т.б. қаражат түсті.

Сондай-ақ, бүгін азамат К.С. Шегебаевтан осымен екінші рет ерікті түрде қайырымдылық қаражаты (396 000 теңге) қор есебіне түсті.

Сонымен бірге елордада, еліміздің барлық облыстары мен республикалық маңызы бар қалаларында «Birgemiz» өңірлік қоғамдық қорлары тіркелді.

Мұндай шешім демеушілік қаржыны таратудың ашықтығы мен мөлдірлігін қамтамасыз ету мақсатында қабылданды. Өңірлерге жиналған қайырымдылықты бұрыннан бар қорларға шоғырландыруға тиым салынып, жаңаларын тіркеуге кеңес берілді. Бақылауды қамтамасыз ету үшін белсенділер мен бұқарашылдарды тарта отырып, әр өңірде ревизиялық комиссиялар мен қамқоршылық кеңестері құрылады.

Қазіргі кезде көмекті алушылардың санаты мен тізімін анықтауға байланысты қызу жұмыс атқарылуда. Көрсетілген көмек пен түскен қаржының барлық түрлері бойынша тұрақты есеп ұйымның сайты мен әлеуметтік желілерде ақпараттарды жариялау жолымен қоғам назарына ұсынылып отыратын болады.

По состоянию на 18.00 часов 31 марта т.г. на счета фонда «Birgemiz» поступили 13 087 285 544 тенге, в том числе от корпоративного фонда «Samruk-Kazyna Trust», а также ряда юридических лиц, среди которых ТОО «ЦАТЭК Green Energy» (600 000 000 тенге), ТОО «BI Urban Construction» (440 000 000 тенге) и др.

Стоит отметить, что сегодня от гражданина Чегебаева К.С добровольные пожертвования поступили во второй раз (396 000 тенге).

Также на сегодняшний день в столице, во всех областях и городах республиканского значения уже зарегистрированы региональные фонды «Birgemiz».

Данное решение было принято с целью обеспечения открытости и прозрачности распределения спонсорских средств. Регионам запретили аккумулировать собранные пожертвования в уже существующих фондах, а рекомендовали зарегистрировать новые. Для обеспечения контроля в каждом регионе будут созданы ревизионная комиссия и попечительский совет, в том числе с привлечением активистов и общественников.

В данный момент продолжается активная работа по уточнению категорий и списков получателей. По всем видам оказанной помощи и полученным средствам общественности будет предоставляться регулярный отчет с опубликованием информации на сайте организации и в соцсетях.

[Ссылка на платежные поручения](#)